

ЖЫНЫС ҚСА

**Паблодар қаласы – 2000жыл
«ЭЖО»**

Ақын Иса

Павлодар қаласы, 2000 жыл, “ЭКО” РӨФ, 160 бет.

Бұл жинақта әдебиет зерттеуші ғалымдардың, ақын, жазушылардың, журналистердің, өнер ардагерлерінің және басқаларының Иса Байзakov туралы жазған ғылыми-зерттеу мақалалары, әдеби сындары, естеліктері топталып берілді. Кітап ақынның 100 жылдық мерейтойына арналып шыгарылып отыр.

Кітаптың редакторы Қазақстан жазушылар одағының мүшесі,
Қазақстан Республикасының еңбек сійріген қызметкери,
акын **Мұбәрак Жаманбалинов**.

Құрастырылған, түсініктерін жазған Павлодар облыстық Бүкәр жырау
атындағы әдебиет және өнер мұражайының ғылыми қызметкери,
Қазақстан журналистер одағы Мұхаметжан Сералин
атындағы сыйлығының лауреаты Айтжан Бәделханов.

Алғы сөз

Халқымыздың аса талантты ақыны Иса Байзаковтың телегей теніз суырып салмалық керемет өнері жайында да, оның жазып қалдырған әдеби мұралары туралы да кезінде баспасөздерде аз жарияланған жоқ. Ақынмен талай жыл достас болған жазушы Николай Анов өзінің “Ән қанаты” атты кітабында оның таңғажайып образын жасады. Ол туралы ғалым Манап Хасенов “Иса Байзаковтың ақындығы және стильдік ерекшелігі” деген монография жазды. Өйткенимен халқымыздың ауыз әдебиетіндегі ерекше құбылыс, - “Ертеден шапса, кешке озған “ылдидан шапса, тосте озған” дерлік алқынбас жыр түлпарының сырьы толық анылды, бағасы беріліп болды деуте болмайды.

Қазак халқы, әрі әнші, әрі домбырашы, әрі өлеңді суырып салып айта алатын адамды ғана шын мәніндегі ақын деп дәріптеген. Өлеңді жазып құрастыратындарды шығармашы ғана деп түсінген. Ал орыс халқында бұл екеуі екі бөлек ұфым. Олар айтыс ақындарын “акин” өлеңді жазып шығаратындарды “поэт” деп атайды. Соңғысы көбірек дәріптеледі.

Біздің ата-бабамыздың ұғымындағы ақындық-халқымыздың ғасырлар бойы тұрмыс тіршілігі, әдет-ғұрыш, салт-санасы, психологиясы қалыптастырған халқымыздың қанына сіңіп, жандуниесімен бітеп қайнасқан өнер.

Ал суырып салма ақындардың бәрі дерлік тамаша психологтар. Олар өмір бойы ауыл-ауылды аралап жыр нәсерін төккенде, жүртшылықты қандай сөздермен, қандай тақырыптармен баурап ала-алатындығын, іштей таразылап ойластырып отырады. Ел өміріне де, әрине, жетік болады. Исекен де солай. Ол бір кезде Жанак, Тұбек, Сүйінбай, Орынбай, Шәже, Ақан мен Біржан тәрізді атак-данқы бүкіл қазақ даласын жаңғыртқан ақпа-төкпе ақындар мен сал-серілердің осындай ең сонғы аса ірі өкілдерінің бірегейі.

Иса Байзаковтың өткен ғасырлардағы халық ақындарынан ерекшелігі – ол осы күнгі кәсіби ақындар тәрізді жазып та мол әдеби мұра қалдырды. Көрнекті әдебиет зерттеуші ғалымдар Есманғамбет Ысмайилов, Рахманқұл Бердібаев, Серік Қирабаев, Қазак-

станның халық жазушысы Мұзатар Әлімбаев, басқа да карымды әдебиетшілер Исаның әдеби туындыларын өте жоғары бағалады.

Дегенмен Исаның жазып қалдырған мұраларының өзін әлі терең зерттеп, қыры мен сырын аша түсү кәжет екендігі даусыз.

Әлбетте ақын халық үшін жазады. Иса ақынның кереметі оның туындыларының ел аудында көніне тарағандығында. Эн текстерін, қысқа өлеңдерін айтпағанда “Құралай сұлу” “Ақбөп” сияқты үзак поэмаларының өзін жатқа айтушылар әлі күнге дейін жиі кездеседі. Иsekен сөзін жазған әндер осы күнге дейін сахнадан түспей келеді. Оның туындыларының жұртшылықты өзіне тартып алатын сиқырлы қуатының сырын терең зерттеу - әдебиетші ғалымдарымыздыңabyройлы міндеті.

Бұл міндетті орындау мақсатында ақынның жүз жылдық мерейтойы карсанында Астанадағы Евразия университетінің ректоры Амангелді Құсайынов өзінің ғалымдық парызын етеуге талпыныс жасады.

Иса ақынның поэмалары мен тандамалы өлеңдерін ол бір томдық жинақ етіп бастыруды. Ақынның шығармашылығы жайлы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция үйіндестірді.

Халқымыздың әдебиет саласындағы ұлы тұлғаларының біразы жазықсыз құфынға ұшырап, кейбірі күншілдіктің құрбаны болғанын да тарихтан жаксы білеміз. Қазіргі кезде кейбір баспасөздерде оқтағекте қылаң беріп қалатын материалдардан Иса ақынға да кезінде күншілдіктің күлін шашқандар табылып, оның салқынын әлі күнге дейін сактағысы келетіндер болса керек.

Казақстан жазушылар одағы шыгаратын “Қазақ әдебиеті” газетінде соңғы он жыл ішінде Иsekенің сұрапыл ақындық ғаламатына назар аударудың орнына жазушы Әлжаппар Әбішевтің “Не дегенражайып ертегі адам” деген мактауынан гөрі даттауы басым мақаласы үш рет (1990, 1995, 2000 ж.) жарияланды. “Қазақ әдебиеті” газетінің 2000 жылғы наурыз айындағы бір немірінде Иsekен айтты-мыс деген “Бәрің де өтірік жазасындар және сатқынсыздар” деген тақырыппен Иса Байзақовты осыдан алпыс жыл бүрін жазушылар одағында талқылаған хаттамадан үзінділер жарияланыш, Сәбит Мұқанов, Асқар Тоқмагамбетов, Шахмет Құсайынов т.б. ақын-жазушылардың аузымен Исаның мінезіндегі кейбір

кемшіліктер сыналған. Павлодарлық Асқаров Ханафия деген бір кария Құдайберген мен Иса ақынның айтысы деген өлең сыйкы жоқ балдырыбатпақты жергілікті газеттерде және өзінін “Ертіс өрендері” атты кітапшасында жариялады. Онда Құдайберген ақын Иса Байзаковқа орашолақ құрастырылған үш жұмбақ беріп, Иса ақын оның бірде біреуіне жауап бере алмай отырып қалған болады.

Бұның өзі екі ақынның да беделін түсіретін қойыртақ екендігі және ондай айтыстың болмагандығы дәлелденген макала жергілікті газеттерде жарияланды.

Бұл күнде Иса ақынның шығармалары жөніндегі монографияны, зерттеу материалдарын да кітапханалардан сирек кездестіреміз. Кезінде аз данамен жарық көрген еңбектер қайта басылып шығарылмады. Оның шығармалары жаңадан құрастырылған оқулықтарға да енгізілмеген. Сондықтан қазақ поэзиясының кең құлашты эпикалық жанрының неізін қалаушылардың бірі, өлеңді суырып салып айту өнерінің ең биік шыңына жеткен тенденсі жоқ импровизаторды бүтінгі үрпақ жете түсінбеуі де, біле бермеуде мүмкін.

Халқымыздың Исадай аяулы перзентін бүтінгі оқырман қауым-ға неғұрлым жан-жақты танытуғудың айқын жолы оның туындылары мен ақындық болмысы жайында әр жылда жазылып, баспасөз бетінде жарық көрген макалалар, ақынды көзі көрген дуалы ауыз ұлылардың ол туралы сипаттамалары мен пікірлері екендігі түсінікті. Оқырманға ұсынылып отырған бұл кітапта осы мақсат көзделген.

Бұл кітапқа енгізіліп отырған мақалалардың авторлары – Дихан Эбілев, Әбділда Тәжібаев, Мәриям Хакімжанова, Иван Шухов сияқты Исамен бірге болған белгілі қаламгерлер, Серік Қирабаев, Әмірзақ Айтбаев, Серік Негимов тағы басқа әдебиет зерттеуші ғалымдар, ақындар. Кітапқа енгізілген ақын жерлестерінің, айтыс ақындарының естеліктері Иса ақынның келбетін көз алдыңызға нақты елестетеді.

Әдебиет зерттеуші ғалымдар мен көрнекіті ақын-жазушылардың мақалаларында Иса Байзаковтың суреткерлік өнерінің ерекшелігін, тіл шеберлігіне жан-жақты талдау жасалады.

Корыта айтқанда, бұл кітап – Иса ақынның қазақ әдебиетінде алар орнын анықтаумен қатар, оқырмандарға беретін танымдық

дерегі мол кітап. Сондыктан арнаулы орта және жоғары білім беретін оқу орындарының шәкірттеріне қосымша оқу құралы ретінде тиғізер пайдасы да зор болмак.

Мұбәрак Жаманбалинов
ақын, Қазақстан жазушылар одағының
мүшесі, Қазақстан Республикасының
еңбек сінірген қызметкері

АҚЫНДЫҚ ТЕНДІ

*макалалар, зерттеулер,
ғылыми баяндамалар*

ҚҰДІРЕТТІ ДАРЫН

Құдіретті дарын иесі ақын аға Исаңы жас шағымнан білем. Ертіс бойынан біздің Баянауылға келіп аралаганында “Койшының ертегесі” поэмасын алғаш рет сұрыпты салып айтқанын тыңдал, таң қалғанмын. Содан беріле Иса ағаның сонғы қүндеріне дейін (ке-зен-кезең жылдарда) өмірін, өнерін, жырын сырыйн түгел көрдім, білдім. Дарынын құрметтеумен келемін. Алайда, бұл шағын естелігімде мен оның бір реттегі ғана кереметін – дарын - құдіреттің айтқалы отырмын. Ол былай болған еді.

1938 жылдың жазы. Бір күні қызмет аяғы кезінде телефон сұлдыры етті.

-Алло!

-Бұл кім? Әбілев жолдас па?

-Ия, ия.

-Бүгін Алматыға Италияның атакты жазушысы Джерманетто келді. Жазушылар одағында кездесу болады. Әзірленініздер!

Бөлмеде Мұқан (Мұхтар Әуезов) отырған.

-Италиядан, Джерманетто! Келік бізбен, жазушылармен кездеспек пе? – деп жүзіме қарады.

Мұқан менің абыржып қалған күйімді тез андапты.

-Бәлі, несін жүрексінесін? О да адам шыгар. Қауым жүртпыш, жүрексінбе! Келемін. Ретіне қарай көрерміз. Әзірліктеріңізге үйым бол кірісе беріндер! – Мұқан аз ойланды да былай деді. - Казақстан жазушылар одағына мұндай халықаралық мағлұм адамның бірінші рет келуі. Елдікті көрсетудің бір межесі - әдеби қауым ғой. Джерманеттомен қазақ жазушыларының бұл кездесуі өте жауапты да тарихи кездесу болмак. Ал біз жазушылар қауымы әдеби өміріміздің жаңа туыс, бітім тұлғасын, социалистік тыныс сымбатын, реалистік сыршыл көркемдігін, қаламымыздың қарышты адымын сөз етуіміз, таныстыруымыз керек.

Мұқан осылай толғанып бір алды да:

-Бұл жөнін маган тапсырсандар да болады, - деді.

Мұқаның жүзі алқұрен тар?ып, шырайланғанын сездім.

Іштей қуанып та отырмын. Мұқан түрғанда бұл қазактың әдеби қауымында кім шет ел әдебиеті-мәдениеті тарихын, оның әртіні мен бертінін, шекіресін терендігімен шерте алар! Осы тұста озінің келе қалғаны қандай жақсы болды деп отырмын.

-Исаны шақыртшы, - деді Мұқан.

Селдір де кірпішшешен қылқандарында қайратты аз ғана шашын жогары сілкіп тастап, бұлт арасынан жарқ еткен нажағайша Иса кіріп келді.

Жазушылар одағында сол жылы үш айлық ақын-жазушыларға арналған курс ашылған. Жамбыл мен Нұрпейістен басқа халық ақындары да, жас ақындар да, т.б. осы курста. Оқу одақта өтіп жатқан. Исаның қолма-қол келу себебі де сол.

-Неге шакырдың, бала? - деді ол маған тіктене қарап. Мен Мұқанаң қараадым. Мұқан мән-жайды қысқа түсіндірді де:

-Иса, - деді оған Мұқан. - Италия көне мәдениетті ел. Багы заманинан әдебиетті туып, ержеткен ел, Европа жүртyn көптеген өнер-өрнек көркемдік үлгілермен таңыркаташ келе жатқан ел. Біз болсақ, бұл жөнінде тәй-тәй басқан бөбек тәріздіміз... Біраз жайларды әнгімелеп те берерміз. Бірақ, қонақты біздің халықтың әдебиеттегі дарыны - суырып салма ақындық қана елең еттіре алар болар. Соған сені...

Ұшқыр сезімтал Иса Мұқан сезін аяқтапай, киіп кетті.

-Сонда не демексің Мұхтар! Жанағынның аты Джерманетто дедің бе? Одан үлкені келсе де салып көр Исаны! Сол үшін қазір неге шакырттырдың. Кезінде айтсан да Иса қарызға елең сұрамайтынын білмейсің бе ?

-Әзірлігің болуы елең сөзі жөнінде емес, Иса! Оныңа шубәміз жок. Өзің бейғам болмауың керек.

Кешкі сағат тоғыздың кезі. Біздің Жазушылар одағының үйінде Джерманеттоны қарсы алдық. Ол қуан жүзді, жасамыс адам екен. Қолында қоңыр таяғы бар. Сол жақ аяғын сылтып басады. Қоңыр-қай өңіне қарағайға қарсы біткен қалың бұтақтай қайратты қалың қабағының астындағы күрең көзі тереңнен қарайды. Қонағымыз әуелі өзінің итальян тілінде және орыс тілінде амандасты:

-Сәлемет жақсызыздар ма, қазақ қаламгер бауырлар!

Түйік адам емес екенін бірден андалық. Шет елдік құрметті

қонағымызға ұзын столды жағалай отырған өзіміздің жазушыларды ен алдымен жаңағы Джерманеттөмен иყтас отырған Мұқан-наң бастап таныстырып шыктым. Джерманетто ықыласты тыңдағы:

-Білем, Фадеев жолдас айтқан Ал, Мұқанов қайсы жолдас!

-Ол кісі Ленинградта жүр еді.

-Олай болса жән, жән!

Шет елдің революционер жазушысымен кездесу кешімізді басқаруға өзімді жасаң сезіне жүрексініл:

-Мұқа, - дедім оз тілімізде қазақша. – Сіз мұнда отырыңыз. Сіз басқарыңыз, мен сіздің орныңызға барайын!

-Жоқ, басқаруын сен өзің басқара бер. Басқасына сүріндірмеспіз! - деді Мұқан. Соны айтты да дереу, ауелі тамағын әдеттегесінше майда кенеп алды да сөйлеп кетті. Мениң комунистік журналисттер институтын жаңадан бітіргенімді, екі өлең кітабым шықканын айттып өтті.

-Міне, міне, Совет Одағының лениндік батыл шешімдер осылай екенін менің итальяндық кара халқым білсеші! – деп рахаттанады Джерманетто. Мұқан нұрлана түсті, енді бірде:

-Онда біздің ақын-әншілерімізді тыңдалап көрініз, - деген Мұқан енді ұзын столдың тәменгі басында, қарама-қарсы отырған Исаға қарады да:

-Иса, - деді ажарлықоныр үнмен, - Иса сен, қазір бабындасың - ау деймін. Ендігі сез сенікі.

Өр Иса бәлденуді, тартынуды білмейді. Қасында отырған бір ақынға “бала, әпкел домбырамды” деді. Сейтіп Арқаның шағын бітімді ән домбырасын алдырып өзінің құлағын қатты бұрайтын әдті бойынша дереу бұрап алған еді.

Жүргі:

-“Желдірме”, “Желдірмені” айт!

-Ия, сейт!

-“Желдірме”! - деп дауыстайды.

Иса мәндайынан төбесіне қарай ығысқан селдір шашын жоғары сілкіп домбырасын бір-екі рет қағып жіберді де, “Желдірмені” шапшытып, үйтқыта жөнелді.

Қарашы домбыраның еркесіне,

Исаның шығып алды желекесіне... деген сәттерінде қиялышанада

ілесе алар құйын серпінмен жаңынды көтеріп үйіріп, баурап, сезімінді елтіте толқытып әкетеді.

Әсіреке:

А а - ап. А – а – ап.

Хар ра - ра а - ап – ай! – деп қайыратын бүрқасын толқыны дауыл тиғен өрт лапылындашалқып, төңкеріліп, қайыра үйтқып үйіріледі.

-Виртуоз, Виртуоз!...-деді Джерманетто, - мен мұндай ғажалты бүкіл Европаны шарлап жүріп көрген емеспін! Ғажап, ғажап! Неткен талант! Ертегіде ғана кездесер мұндай өнер адамы! Тағы!!! Тағы!!!

Исаңың ән сөзін Мұқан Джерманеттоға жәйлі үнмен толқынтып ауларып беріп отырды. Джерманетто “тағы айтыңыз, тағы” деген кезде Иса орнынан лепіп атын тұрды да, домбырасының мойынан сағасынан мысықша қылғындыра үстап:

-Мұхтар! – деді Мұқана. – Мен әнші емес, суырып салма ақын екенімді айт ол кісіге! Жагтандыға жаңы кас бұл Исаңың де: Көмейі жыртылағанша, көрінген ән – жырды айта беретін Иса жоқ! Бұл кісі өзі не туралы айтсын дейді екен! Заказ берсін!

Мұқан Джерманеттоға жеткізіп жатқанда үшқыр мінез Иса:

-Давай. Товарищ, Джерманетто, давай заказ! На любую тему! – деп өзі орысшалап жіберді.

Джерманетто таңдана ойланып қалды да:

-Олай болса Марина Раскова туралы айтсаның қайтер еді, ақын жолдас, - деді.

Біз хауіненіп қалдық. Ал, Иса селдір шашын кейін серліп тастап тішті жайнақтап кетті.

-Жарайды, жолдас Джерманетто! – Ал кеттім тыңдаңыз! – деп орысша - қазақшасы аралас асығыс айтты да, домбыра пернесін қағып жіберіп, селдір шашын және жоғары селкіп тастап, кірпішшешен қылқындарынша тікірейтіп алды да: “Ax!” деп бастап Марина Раскова туралы жыр өзенін актара жөнелді. Көкала бұлттарды көз ілескенше жарқ етіп астан – кестен сапырган нажағайша жыр шумактарын шиыршық аттырып түйдек – түйдегімен тастайды. Сөйтіп атақты “Он бір күн, он бір түн” дастанын қырық - отыз минутта айттып шықты. Совет қызы Марина Раскованың ғажап

ерлігін жүрек қанының отыстығымен, асқақ шабытымен дауылда-
тып, жауындастып, кейде мамырлатып жаяулатып, қайыра көтеріп
шарықтатып толғап берді.

Джерманеттоға Мұқан аударып беріп отырған-ды. Екі көзін
Исадан алмай, құлағы Мұқанда бол тындаған қонақ:

-Айту Иса жолдастікі, оны әсерлі байыту сіздікі болды. Әуезов
жолдас! Мен түсінбес тілде айтылған жырды соншама сырлы етіп,
жырлы силлатты гүрде асқан көркем поэзия қалпында жеткізіп бер-
ген Сізге бүкіл италия халқының жүргегінен раҳметімді қабылда-
нызышы! – деп өзімен қатар отырған Мұқандың риясыз ризашылық-
пен қолын қысты. Біздер ду қол соғып жібердік.

-Бар екен ғой дүниеде жан сусындар тағап жандар! – деп еді.
Мұқан раҳмет айтты да:

Джерманетто жолдас, менікі тек Иса ақынның жыр құйыны
жүйткүнен үлгірген жерімнің ұзын-ырғасын Сізге жеткізу ғана ғой.
Дарын Иса! Иә, Иса ақын дарын! – деді.

-Түсінем, Әуезов жолдас, түсінем. Мәдениет пен әдебиет Ев-
ропада ғана деушілер ағат айтатынына тап осы кеште көзім әбден
жетті. Сізді туғызған, мынадай ақынды туғызған халқыңызға раҳ-
мет! – деп бір тынды да, қайыра сейлеп кетті. Бұл жолғы сөзінде
өзін Казакстанға, осыншама бақытты, талантты елге жіберген Ко-
минтернге, Москвадағы жолдастарға шексіз ризашылығын әйтты.

Содан кейін Исаны қасына шакырып алып құшақтап, жауыры-
нан қакты:

-Рахмет! Саулығыңызды сақтаңыз! Сіздің саулығыңыз халқы-
ның үшін, дәуіріңіз үшін керек, солай достым!

Сейтіп, ақиық ақын Исаның “Он бір күн, он бір түн” поэмасы
осылайша тұған еді.

ЕСІМДЕГІЛЕР

...Мен казак мінезін көрсетіп, әйелімнің үл туғанын мерекелемек болдым. Куанышыма өзіміздің қазақ достардан Сәбит Мұканов, Мұхтар Әуезов, Құрманбек Жандарбековтерді шақырдым. Ал, москвалықтардан Г. Рошаль, оның әйелі белгілі кинорежиссер Вера Павловна Строева, әдебиетші Виктор Шкlovский, біздің бір бөлмемемізде тұратын досымыз жазушы Лина Львовна Войтоловская, тағы басқалар шақырылды. Шілдеханамыз 9 іюньде өтетін болды... Ал, жетінші іюньде Оңтүстіктен оралған Иса Байзаков телефон соқты.

- Әбділда, мені іздегенің рас па? Келдім сағынсан, - деді күліп.

- Қазір жетіңіз, ағатай, үйде күтемін, - деп мен қуанғанымды жасырмадым.

- Ассалаймаликум, Айесе! – деді Иса.

“Тұма бауы бсрік болсын,

Әблілдәңа серік болсын

Оны азынсан Айесе,

Келінің тағы жерік болсын!”, - деп сыртқы есікті ашқан апамды құшақтаған көрісті.

Күнге, шаңға тотыққан Иса бұрынығысынан да ысыла түскендей екен. Сусындал болғанша мен оған іздеген себебімді айттып та үлгірдім.

- Енді шілдехана өткенше біздің үйде боласың, - дедім.

Қонақтар аталған сағаттан кешікпей түгел жиналыш та калды. Бәрі жайғасып отырып болған соң мен түпкі бөлменің есігін айқара ашып:

- Импровизатор Иса ақынға құрмет! – дедім.

Атыла шыққан Иса кілт кідіріп, қонақтарға бас иді. Отыргандар да бір кісідей тұрып, ақынға құрмет көрсетті.

Бұрын сырттан құмартқан “импровизатор” деген сөздің, өзін тәнірінің атындағы сыйлайтын орыс достарым ақынның сырт көрінісін де тамашалап қалты. Ойлағандарын жасырмай айтатын өнкей шабыт иелері ақынға қызыға қарап тұр.

- Адам емес қыранға үқсайды.

- Шабыт бейнесі осылай көрінуі керек!

- Пушкин жазған импровизаторды көріп тұрғандаймыз, - десті олар.

Біз дәмге кірістік.

- Біз қымбатты ақынға өзіміз тақырып беріп тыңдағымыз келеді.

Иса жолдас оған қалай қарар екен? - деді Рошаль ақын шай ұрттауға кідірген кезінде.

- Пожалуйста! – деп Иса өзі орысша жауап берді.

- Онда менің тақырыбымды қабылданыңз, - деді Вера Павловна, ақынға барынша нұрлана және сүйсіне қарал.

Иса да орнынан тұрып, көрікті әйелге бас иш ырзалақ етті. Вера Павловна қайта сөйледі:

- Маган ғашықтың деушілер көп-ақ.

Ондай ғашықтарға қоятын шартым бар.

Түнде күшагымда болып ләззат алғандар таң ата басымен қоштасады. Ондай саудаға ырза қайсының бар десе, қалың топтың ішінен данкты қолбасшы үш батыр “Ырзамыз!” – деп бірінен соң бірі шығыпты. Бір кешкі ләззат үшін өлімге бастарын байлагиты. Сонда осы ұлы патша атанған сұлу Клеопатра қандай әйел?

- Түсіндін бе, Иса? – деп Мұқан ақынға кеудесімен түтел бұрылды, - өзі ақылды патша бола тұра сүйікті қолбасыларына бұзық шарт қойғаны қалай? Соны ойланғайсын.

- Жарайды, - деді Иса жалғыз сөзбелі. Содан соң Вера Павловнаға саусақтарын көрсетті: “минут пять”, - деді.

Орнынан тұрып кеткен Иса домбыраны әралуан бұрып, терезенің алдына барды, сырттай баққан кісіге ол қазір келетін біреуді қүтіп тұрған сияқты.

Мен шетте отырғанымды пайдаланып, еңкейінкіреп, ақынның қырын тұрған бейнесіне қарадым. Майдайының жіңішке әжімдері кетерінкіреп, көздері де кішірейген секілді, тіпті алысқа қарайды, әлденелерді анық көре алмай тұрғандай үңілді.

Киналып тұрғой, айта алмай қалар ма екен?. - деген күдікпен сескене бастағандаймын. Расында да тапсырылған тақырып ақынның әдеттегі айтып жүргендерінен тігті шалғай. Ол бүл жолы Пушкин тақырыбымен және ұлы ақынның аса білгір және жүйрік оқушыларымен кездесіп отыр. Тым болмаса Клеопатра туралы жал-

пы сөзбен болса да дидактикалық бірдеңе айтса жарап еді, - деймін ішімнен.

- Ұлы ақындық шабыттың бес минуты үшін, - деп Григорий Львович сыйырлап қана бокалын көтерді.

- Иә, құдай сәтін түсіре көр, - деп мен іштей күбірлеп, тартып жібердім.

- Таптым жолдастар! - деді Иса қуана бұрылышп, жаңа ғана то-заң басқандай сұрланған жүзі алқызыл тартып, екі бетінің үшінда қан лапылдайды. Ұсақ әжімдерден түк қалмапты. - Құйындар, мен де ішемін бес минут үшін! - Мен стаканды жартылай толтырдым. Отырғандар бір кісідей үшып тұрып ақынмен бокалдарын соғыс-тырды.

Иса домбырасын шындаған бұрай бастады. Табанда айтылған ақын жырын барлық ынта-ықыласымызбен тыңдаңық. Ол жерде ба-рынша зерек тыңдау, бір сөзін жібермей үғыны, есіресе Мұхан, екеуімізге қажет болды. Өйткені қазақша білмейтін достарға оны орысшалау ақын поэзиясының ұтымды қырларын, жұка, нәзік жерлерін анғарту біздің міндеттіміз еді. Сондықтан Иса “ә!”- деп бастағаннан біз зейінімізді салдық.

“Таптым!” – дегені рас екен. Иса өзінің бұрыннан естіп, осыны жазсам деп ойланып, толғанып жүрген жырындай текті. Эншейінде кібіртіктеп, ыңылданап бастайтын Мұқан да бұл жолы ағыл-тегіл орыс-шалады: ол жырдағы ақын суреттеген адам мұсіндерін айнитпай айтады. Сөздердің екпін-лептерін анғартады. Әлдеқандай нәзік елестейтін бояу, дыбыстарды, ишаараттарды жеткізуге тырысады. Бәріміз бір кісідей тұрып Исаға да, оның жырын осыншалық әсем аударған Мұхтарға да қошамет көрсеттік.

Жазып алуға ұлгірмедік. Шынында да ол мүмкін емес еді. Бірақ сондағы Иса дауысы, Мұхаңның шабытпен орысша баяндаған үні менің құлағымнан әлі кеткен жоқ. Сондағы барлық естігендерім бүгін де көкейімде түгел сактаулы сияқты.

Ендеше Иса былай жырлады деуіме әбден сияды:

“Ду-думан ұлы патша ордасында,
Болмаған ондай жиын сол ғасырда.
Жинаған батырларын, ақындарын,
Каллымай жортағын да, жорғасын да.

Ортада күндей жарық патша қатын,
Жұрт сүйіп Клеопатра қойған атын.
Көк теңіз, Қызыл теңіз жағасында,
Асырган бар патшадан салтанатын.

Өзі жас, кең маңдайлы, ақ сәулелі,
Ақылды ән – жырға бай, аскан сері,
Қол бастап, жауын жеңіп қайтқаннап соң,
Осылай жинайды екен тұган елін.

Сұлуға сұнғыланың бәрі күмар,
Мұндауда жарқ етуден кім тартылар?
Жас сұду бірімізді жар етер деп,
Ерлердің күні туды бағын сынар.

Талайлар ғашықтығын айткан бұрын,
Батырлар, ақындар да шаккан мұнын.
Сұлудан біріне де жауап болмай,
Бәрі де амалсыздан күтті ақырын.

Айтармын өзім бір күн жинап еді,
Деп берген уағданың күні келді.
- О, халқым, - деп падиша сөз бастады,
Үстінен алтын тактың тұрып енді.

Елім бай. Патшаларым асқая мықты,
Тойтардым сырттан келген қастандықты.
Жеріме жасын атқан өрт майданда,
Жауымды батырларым айдал шықты.

Алдында тұрмын, міне, қалың топтың,
Жарқырап шам-шырағы жақсы уміттің,
“Жарым бол жан берісер”, - деушілер көп,
Ішінде бас құраган осы жүрттын.

Тілері бәрінің де махаббаттым,
Демеймін бірін алыс, бірін жақын.
Қымбатка құшағымды ұсынамын,
Кім кәне, тартынбастан төлейді ақын?

*Көнгенді жар етемін жалғыз-ақ түн,
Түн бойы берілемін соған бүтін.
Күн шыға басын кесіп жоғалтамын,
Айтыңдар, соған көніп шығатын кім?*

*Лезде ашып тастап көңілін мұндан,
- Мен, - деді кәрі батыр, түрды орнынан.
Тартылып тар кезеңде көргенім жоқ,
Бүгін де айнымаймын сол жолымнан.*

*Көп көрдім, өмір ушін көп соғыстым,
Ұрандал қан майданға талай түстім.
Көк семсер – кекті болат қында жатыр,
Қызыңын көріш болдым қайран күштің.*

*Үрзамиын өміріме көп жасаған,
Қимайды қу тірлікті итжанды адам.
Ең соңғы ләззәтімті татып өлем,
Қойылыңды аш, сұту патша енді маган.*

*Майданда орнататын заман ақыр,
- Мен! - деді атып тұрып, ең жас батыр.
Лап етсе кен дүниені күйдіргендей,
Ішінде ғашықтықтың оты жатыр.*

*Қайралған жузіндеймін ақ семсердің,
Алыссам басын алдым талай ердің.
Жауыма жағаласқан салдым әлек,
Намысын жібермедім тұган елдің.*

*Ғашықпын, арманым жоқ сенен басқа,
Қыранмын, қиналмаймын түсsem тасқа,
Жас жанды құшагыңа ал, құрбанға шал,
Кеттім деп өкінбеймін қыршын жаста.*

*Аруағын лирасымен шақыртатын,
- Мен! – деді, түрды орнынан батыл ақын.
Ішімде лапылдаған жатыр жадын –
Жарылса жанар таудай атыламын.*

Қосылып алтын лирам сұнқылдаған,
Жан едім, жар іздеуден бір тынбаған.
Ғашықтық құмарлышын жырладын деп,
Ақын деп атақ берген жұртым маған.

Сүймесем сені патша күйіп өлем,
Одан да сені бір түн сүйіп өлем.
Алдыңда бас илірді, кол қусыртты,
Құдіретті кеудемдегі құйын өлең.

Ұқсайтын түнде сұлу жанған шамға,
Жарқ етіп жалт қарады үш адамға.
Еңкейіп алдарында иді басын,
Содан соң сез бастады жиын жанға.

- Айтып ем сынайын деп ғашықтарды,
Көп ғашық көріне алмай қашып қалды.
Қатал сын қандай жеңіл ашып берді,
Мені оңай құшпақ болып асықканды.

Үрзамын үш досыма жанын кешкен,
Ант етем – ерліктерің қалмайды естен.
Жарым деп біреуінді атаймын да,
Қалдырмай естіртемін ертең кештен.

Деп сұлу жұртқа салды көзін тікеп,
Ғашықты талай жалған алды бүктеп.
Куантып келер кешті күтті халық,
Үшеудің кімі алса да әділдік деп”.

АҚИЫҚ

Шіркін, уақыт қалай тез өтеді десенші. Бұл күнде халқымыздың талай дарынды ұлдары мен қыздарын көрген көненің бірі болдық. Бәрі де кекіркте сайрап тұр. Аттары анызға айналған ағаларымыздың, аманыздай қамкор болған алаларымыздың асыл бейнелері көз алдымызда. Солардың бірі - қазақтың ақыны, тамаша өнер қайраткері Иса Байзаков.

Иса ағайды бірінші рет 1930 жылдың қысында, Бейімбет ағайдың үйінде көрдім. Міне, оған да аттай жарты ғасыр болыпты. Бір күні Би – ағаның үйіне бара қалсам, біраз қонақтар бар екен. Аздан кейін басында қара бүйра тымағы бар, орта бойлы, дембелше келген, акқұба кісі әйелімен кірді. Олардың соңын ала пүшпак бөрікті, жалтылдаған отты козді, қызылштың қырындай қарылез қараторы жігіт сандылай сейлеп, ішке енген еді. Би-аған бар денесімен тербеле күліп, қонақтарын қарсы алғып жүрді. Отыргандар келгендегі қонақтарға қошемет көрсетіп, үй іші қызу өзіл-қалжынға толды. Тымақты кісінің Эміре Кошаубаев екенін бірден-ақ шырамыттым. Газеттерден талай суреттерін көрген едім. Қонақ күтіп, домаланып жүрген Сері-аған:

-Әй, Иса, арының басылмай тұрып, осы отырысымызды бір суреттеп жіберші, деді ақсия күліп. Әлі отырып үлгерметсін Иса ақын екі қолын артына қарай айқастыра салды да, тақпақтай жөнелді.

Исаның жары Шәрбану бір көргеннен – ак маган ерекше әсер қалдырыды. Келген әйелдердің ішінде ең жасы болғандықтан ба, әйттеуір, сырттан келген кісі сияқты емес, Күнжамал жеңгейге көмектесіп жүр. Жүріс-тұрысы жатық, мінезі бязы, келбетті жан екен. Кейін сыйлас күрбы, жақсы дос болып, жақсы араласып кеткен едік.

1931 жылы мен КазПИ – дің жаңындағы жұмысшы – жастар факультетіне окуға түстім. Жоғарғы курста Иса ағай оқиды екен. Жаңадан үйімдастырылған көркемөнерпаздар үйірмесін басқарушылардың бірі – Иса ағай.

Үйірме жұмысын тез жолға қою үшін қазақ драма театрынан Серке Қожамқұлов бөлінді . Ол кісіні көмекке тартып жүрген Исе-кен болатын. Өзі көп әндердің сөзін қайта жазып, орындаушыларға

жаттатады. ән сазын сақтап қалып, сөзін жаңа мазмұн, жаңа түрмен айтқанда шамалы әндердің өзі де құлпырып кетер еді.

Біз қайда барып концерт берсек те сахна шымылдығын ашып, кешке қатысушыларды көрермендерге таныстыратын Сеңі-аған болатын. “Бүгінгі кеште Иса Байзаков қатысып, өзінің жаңа өлеңдерін айтады” дегенде – ак залдың іші дуылдаған, “Желдірме”, “Желдірме” деген дауыстар тұс-тұстан шығатын.

Иса Байзаков өзінің қысқа өмірінің ішінде творчестволық өнімді еңбек етіп, қазақ совет әдебиетінің алтын қорына елеулі үлес қосқан ақын. Қысқа өлеңдерін былай қойғанда, оншақты поэма жазды. Бір ғажабы – бәрін де жатқа білетін. Сондыктан да ол көлжазбаларын жинамаған.

Сәбит Мұқанов Қазақстан Жазушылар одағын ұзак жылдар бойы басқарғаны белгілі. Сол тұстарда Исаның жазған еңбектерінің жарық көруіне көмектесіп, қамқорлық жасағаны шындық. Жазушылар одағы жанынан халық ақындары белімі құрылғанда Иsekең сол белімнің жетекшісі болып тағайындалды. Бір жылдан кейін Иса ағай “творчеством ақсан барады” деп қызметтеген босағанда, ол болімді маған тапсырған еді.

Иса мен Тайыр ағалы – інілі сиякты көрінетін. Екеуі жұмысқа бірге келіп, бірге кететін. Ол кезде Тайырдың үйі де шағын болатын. Соған қарамай Иsekең сол үйде болды көбінесе. “Тайыр түнде жазады, ал мен күндіз жазамын. Екеуміздің отыратынымыз бір стол. Мұнира деген ғажап әйел ғой. Сен жұмыс істегендеге не бір бала жыламайды, не бір ыдыс сылдырамайды” деп айтқаны әлі есімде.

Қасым Аманжолов, Әбділда Тәжібаев, Жақан Сыздыков Иса-ның сыйлас достары еді. Үйлармен кездескен кезде балаша куаныш қалатын. Творчестволық сапарға шықса, солардың бірімен шығатын. Иsekенің бір әдеті жас достарын “құлныым”, “ботам” деп сөйлер еді. Онысы өзіне жарасып тұратын. Бер жағымен емес, бар жанымен, бар шындығымен айтатын.

Кешегі сұрапыл соғыс басталған күннен Иsekең жаракты жауынгердей атқа қонды. Қалың елдін қаһарман халықтың асыл қасиетін, ар – намысын ұға білген ақын өзінің орны ел ішінде екенін түсінді. Өресі биік, үққаны мол, намыскер ақын халықтың қайғысын сергітіп, қайратын қайрап, майдангерлеріміздің жеңіске жетеуі

үшін аянбай еңбек етуге жар салды. Өзінің бойындағы бар өнерін халыққа арнал, Отан корына көптеген қаржы жинал тапсырды.

...Ақын ауыр науқастанып ауруханада жатқанда халқымыздың атақты ғалымдары, ақын-жазушылары, өнер қайраткерлері, Иса сынды көк дауыл ақынға үзбей барып тұрды. Ақынның үлкен жүргегі мәнгі тоқтағанына отыз төрт жыл болыпты. Бірақ, жыр сүйгіш, өнер сүйгіш халқымыз Иса сынды ақиық ақынның үмітпақ емес.

СҰЛУЛЫҚТЫ, ӨРШІЛДІКТІ ЖЫРЛАҒАН

Аты әйгілі Иса ақынды мен 1921 жылдың октябрь айында көрдім. Қазақ Автономиялық Советтік Республикасының сол жылы бір жасқа толуына байланысты Ертіс жағасында зор мереке өткізілді. Бұл жиынға Ертіс атырабының шар-тарабынан халық қаптай жиналды. Мерекеге, әкемнін қасына еріп, сонау Тәттімбет жазығынан сегіз жастағы бала Қалижан – мен де келдім.

Бұл ұлы тойға Иса ақын қатысады деген дулы лепес ел арасында ерте шалынған еді. Расында да осы мерекенін қыздырма көрігі, жарқылдаған жұлдызы – Иса Байзаков болды. Шаршы тоptың дәл оргасында, құлашын, домбырасын қыранның қапатында сермен, өлеңдетіп отырган ақынның қасына жету де қын еді. Ақан серімен бір кездे айтысқа түскен мениң әкем Нұрғожа осы Иса ақынмен де бір тұста қағысып қалғаны бар, кейін екеуі бірі – ага, бірі – іні болып татуласып кеткен – ді. Бұл өнірге аты мәлім әкем қалың жиынды жарып өтіп, Исаңың дәл қасына барып отырды. Мен де әкеме жабысып сол араға келсем керек. Әлі күнге есімде – Иса ақын (сол жылы жиырма бірдегі балаң жігіт екен – ау) үстіне қара костюмі, тебіндеген мұрты бар, көзі өткір, құлпырған қалында әнін жұз құбылтып, екіленіп өлең шырқап отыр екен. Ұлы Октябрьді, қазақ халықының еркіндігін, бакытын асқақтай жеделдете бір жырлап өтті білем. Содан кейін Исаңы естіп білген өлеңшіл қызба жүрт – ақынды пай-пайлап мадақтап алып, оған қолма - қол тақырып жаудырды. Иса, кейбір өлеңші – жыршылардай домбырасын бұрап, күйлендіріп жатпады, бірден, қапелімде талсырма тақырыптарды жұлқына жырлай женилді.

Мениң өлеңкүмар киялымға Иса ақын сол кезден бастап өлең деген қасиетті өнердің санқылдаған қыраны, тұяғы от шашқан тұлпары болып дүмбірледі.

Иса Байзаковтың импровизаторлық, тапқырлық, айтыскерлік өнері - қазақ поэзиясындағы абзal, төтөнші бір көрініс. Алуан жиындарда, талай айтыстарда Иса алдына жан салмаған, нелер ділмәр

акындарды тапқырлықпен тұқыртқан от ауызды, орақ тісті дарын. Иса ақының Керекуде, Семейде, Орынборда, Қызылордада, Алматыда қалың халық бас қосқан жиындарда сахна төрінде алуан көріністі сипаттап күлпүра өлең айтқаны, асқақтап өн шырқағаны - қазіргі ақсақал достарымның, жасы үлғайған мендей інілерінің жүректерінде тұр.

Ал, Иса творчествосын терендеп барласақ - бұл сегіз қырлы тамаша дарынның ең күшті, асыл қырын - оның жазба өнерінен - поэмаларынан айрықша көрінеді. Кейбір зерттеушілер Иса - суырып салма ақын, домбырашы ақын деген біржакты, ағат пікірден арылмай келеді. Рас, Иса - бұрынғы Акан сері, Біржан сал секілді әнші, импровизатор ақындардың дәстүрін совет заманында ерістеткен сері ақын.

Расында да ойлы, зерделі ақын білікті де еді. Иса, Абай секілді оз бетінше оқып - үйренуінің үстіне Семей, Орынбор қалаларында орта мектептерде, ағарту оку орындарында мезгіл-мезгіл оқып білім алған ақын. Өз бетінше Пушкин, Лермонтов, Абай сынды ұлы ақындардың шығармаларын күмартған оқып, олардың өлең өнегесін зердесіне мол токиды.

Пушкин, Лермонтов туындыларына ынтық және олардың үлгілерін жадына сақтап келгендігіне бір мысал келтіре кетейін. 1939 жылы июнь айында болса керек, Қазақстан Жазушылар одағы халық ақындарын бір айлық семинарга шақырды. Сол топқа, жасы үлкен, ұстаз ағалар қатарында мен де дәріс оқыдым. Бұл семинарга Иса ақын да қатысты. Иса ағамен, бір кездे оның дарынына тамсана қараған мен, енді бұл шакта бұл кісіге жақын іні, дәмдес дос болып кеткен едім... Бір күні мен Сервантестің атақты Дон – Кихоты туралы лекция оқып тұрып еліге, тым қыза сөйлейп кетсем керек, кенет Иsekен үшіп тұра келді: Эй, білгішім, мына шалдарды шаршатып, дірменмен айдахар деп алысқан, койлармен дүшіп деп соғысатын бір дәнекүсті ертегілеп кеңіте бергенше данышпан Пушкин, Лермонтов поэзиясы женінде айтпайсың ба, - деп маған ажырая қарады. Расында да Дон – Кихотқа елігіп өзім де бесіп кетсем керек. Оларды да білем ғой, кейін айттармын, - деп кипақтадым. Мұндай да әсілі тартынып көрмеген Иса: